

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
Республикалық мемлекеттік мекемелерінде
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОР
туралы болжамды ережесі

Жалпы ережелер

1.1. Білім және ғылым қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіби одағының ұйымдастыру құрылымына кіретін білім ұйымдарының еңбегін қорғау жөніндегі техникалық инспекторы туралы осы ереже «Кәсіпорында қызметкерлер өкілдерінің құқықтарын қорғау және оларға берілетін мүмкіндіктер туралы» 1971 жылғы 23 маусымдағы МОТ Конвенциясына, ҚР Еңбек кодексіне, «Кәсіби одақтар туралы» ҚР заңына сәйкес әзірленді.

1.2. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор қызметкерлердің өкілі болып табылады, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласында бақылау жүргізеді, кәсіподақ комитетімен сайланады және ұйымда Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі өндірістік комитетімен бекітіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор еңбек қауіпсіздігіне қоғамдық бақылау жүргізеді.

Бақылаудың мақсаты жұмыс жасайтындарға еңбектің сау және қауіпсіз жағдайларын жасау, өндірісте қайғылы жағдайларды және кәсіби ауруды ескерту, өндірісте қайғылы жағдайлар мен кәсіби ауруларды дұрыс және уақтылы тексеруіне және оны есепке алуын бақылау, қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындаумен байланысты олардың мертігуімен немесе денсаулыққа басқаша зиян келтірумен келтірілген зиянды толық көлемде өтеу болып табылады.

1.3. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің мүшесі болып табылады.

1.4. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары қажетті білімдері мен шеберлігі бар, өздерінің іскерлік қасиеттерімен білім беру ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша қызметкердің және оның өкілдерінің қызметіне қоғамдық бақылау жүргізуге қабілетті адамдар бола алады.

1.5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор өз қызметінде мемлекеттік еңбек инспекциясымен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор
қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

2.1. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторының қызметінде негізгі міндет кәсіподақ мүшелерінің денсаулық пен еңбектің қауіпсіз жағдайларында құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

2.2. Жұмыс берушілердің және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі заңнаманы сақтауына қоғамдық бақылауды жүргізуге кәсіподақтардың құқығын іске асыруда барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарына көмектесу.

2.3. Әлеуметтік серіктестік туралы келісімге және ұжымдық шарттарға еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауға бөлігінде ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге қатысу.

2.4. Жұмыс орындарында еңбекті қорғау жай-күйіне бақылау жүргізу, жұмыс берушінің еңбекті қорғау ережесі мен талаптарын орындауды, қызметкерлердің еңбекті қорғау саласында заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүргізу.

2.5. Кәсіподақ мүшелерінің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда, еңбекті қорғау туралы заңнаманы қолданумен және еңбекті қорғау жөніндегі ұжымдық шарттар мен келісімдер бойынша міндеттемеледі орындаумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде әртүрлі сатылы соттарында мүдделерін ұсыну.

3. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың негізгі міндеттері мен құқықтары

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор өз қызметін жүргізе отырып,

3.1. мыналарға бақылау жүргізеді:

- еңбекті қорғау туралы заңнаманы сақтауға;
- ұжымдық шарттың (келісімнің) шарттарын орындауға;

3.2. құқығы бар:

- жұмыс берушінің лауазымды адамдарынан өндірістегі қайғылы жағдайлар және кәсіби аурулар туралы мәліметтерді, құжаттарды, локалдық құқықтық актілерді және қоғамдық бақылау мәніне жататын мәселелер бойынша өзге де ақпаратты сұратуға және алуға;

- анықталған заңнаманы, ұжымдық шартты (келісімді) бұзушылықтарын жою бойынша қарауға міндетті ұсынымдарды жұмыс берушілерге беруге;

- жұмыс орнына алкогольдік, есірткі немесе улы мас болу күйінде, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талап етілген жеке қорғаныс заттарын пайдаланбайтын, заңнамада көзделген тәртіпте және жағдайда еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша нұсқаулықтан, білімдерін тексеруден, медициналық тексеруден өтпеген жұмыс жасап жатқандарды тиісті күні жұмыстан шеттету туралы лауазымды адамдарға ұсынуға;

- еңбекті қорғау жөніндегі жоспардан тыс нұсқаулықты және өндірісте апатқа, қайғылы оқиғаға және басқа да ауыр салдарларға алып келетін немесе алып келген еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзуларды анықтаған жағдайда ұйым қызметкерлерінің еңбегін қорғау мәселелері бойынша білімдерін кезектен тыс тексерулерін жүргізу туралы ұсыныстарды беруге;

- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын еңбекті қорғау бойынша бұзушылықтарды дереу жоюды, ал олардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туған жағдайда бұзушылықты жойғанға дейін жұмысты тоқтатуды лауазымды адамдардан талап етуге;

- өндірістік кеңестің және кәсіподақ комитетінің отырыстарына еңбек қауіпсіздігіне және оны қорғауға қоғамдық бақылау мәселелерін шығаруға;

- анықталған бұзушылықтар бойынша қажетті шаралар қабылдау үшін мемлекеттік еңбек инспекциясына өтініш жаасауға;

- еңбек заңнамасымен, ұжымдық шарттармен, келісімдермен қарастырылған басқа да әрекеттерді орындауға.

3.3. мыналарды бақылайды:

- жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен оны қорғау жай-күйін;

- желдеткіш қондырғылар мен жарық беру құралдарының, жабдықтарының, құралдары мен аспаптарының, көлік пен жүк көтеру құралдарының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуін;

- жұмыс жасайтындарды қажетті арнайы киім-кешекпен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс заттарымен уақтылы қамтамасыз етуін, оларды дұрыс қолдануын, оларға сәйкес күтіп-қарауын (жөндеу, жуу және т.б.) ұйымдастыруын;

- еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты уақтылы және сапалы өткізуін және жұмыс жасайтындарды еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын;

- санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың жай-күйін, жұмыс жасайтындарды сабынмен, жуатын және майын кетіретін заттармен қамтамасыз ету, су ішу режимін ұйымдастыруын;

- жұмыс уақыты мен демалыс уақыты туралы заңнаманы сақтауын;

3.4. мыналарға қатысады:

- өндірісте қайғылы оқиғаларды және кәсіби ауруларды тексеруге;

- еңбек жағдайлары мен оны қорғаудың санитарлық-техникалық жай-күйін паспорттандыруға;
- олардың еңбекті қорғау жөніндегі нормалар мен ережелер талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға, пайдалануға әзірлігін қабылдау бойынша комиссияның жұмысына;
- жұмыс орындарына еңбек шарттары бойынша аттестаттау жүргізу жөніндегі іс-шараларды дайындауға.

4. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың жұмысын ұйымдастыру және қоғамдық бақылауды жүргізу тәртібі

4.1. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор өз жұмысында заңнаманы, Өндірістік кеңес туралы ережені, Қазақстандық салалық кәсіби одақ жарғысын, еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нұсқауларды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4.2. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор өз жұмысын тікелей жұмыс басшыларымен, мекемеде (кәсіпорында) еңбекті қорғауды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлермен, алғашқы кәсіподақ ұйымдарымен, мемлекеттік еңбек инспекциясымен байланыста жасайды.

4.3. Еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзуларын анықтаған, ұжымдық шартты (келісімді) орындамаған жағдайда еңбекті қорғау жөніндегі инспектор:

- жұмыс берушіге хабарлайды және бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауды ұсынады;

- анықталған заңнама актілерінің, ұжымдық шарттың (келісімнің) бұзушылықтарын жою жөніндегі ұсыныстарды береді.

4.4. Ұсыныстар екі данада жасалады: бір дана жұмыс берушіге тапсырылады (жолданады), екіншісі – бақылау жүргізген еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторда бақылау үшін қалады.

4.5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмысын қамтамасыз ету мақсатында және кәсіподақ ұйымы:

- оларды еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды және ақпараттандыруды, бақылау мәніне жататын нұсқаулармен және нормативтік құжаттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

- еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту бойынша енгізілген ұсыныстарды іске асыруға көмектеседі;

- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және оны таратуды қамтамасыз етеді;

- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды моральдық және материалдық көтермелеу шараларын көздейді.

4.6. Қоғамдық бақылауды жүргізуге кедергі жасағаны үшін заңнамаға сәйкес лауазымды адамдар жауапта болады.

(Өнеркәсіптік кеңесте бекітіледі және ұжымдық келісімшарттың қосымшасы болып табылады)